

2 CIVIL LAW, CIVIL PROCESS

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ, АЗАМАТТЫҚ ҮРДІС

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО, ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.27.01

ЭОЖ 347.13

JEL K15

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2024-1-1-23-28>

ҚАЛМЫРЗА Ғ.М.,*¹

з.ғ.м., докторант.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

АЛАЕВА Ғ.Т.,¹

з.ғ.к., профессор.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Зияткерлік меншік құқығын бұзумен күресудің тиімді құқықтық қорғау жүйелерін әзірлеу және енгізу қазіргі заманның өзекті мәселесі. Бұл зияткерлік меншік құқығы иелеріне құқықтарының бұзылуын тоқтатуға және келтірілген шығындарды өтеуге мүмкіндік береді. Бұл мақаланың басты мақсаты тиімді экономикалық айналым үшін экономикалық қызметке қатысушыларды дараландыру құралдарының қажеттілігі мен маңыздылығын түсіндіру. Демек мемлекетіміз әлемдік нарықтың белсенді қатысушысына айналып, мемлекетаралық сауда қатынастары қарқынды дамып, оларды реттейтін құқықтық нормалар бір жүйеге келтіріліп жатқан қазіргі кезеңде кәсіпкерлік субъектілерін дараландыру құралдарын жан-жақты зерттеудің объективті қажеттілігі туындады. Тақырыпты зерттеу барысында жалпы ғылыми, жеке ғылыми әдістер қолданылды. Мақаланың тәжірибелік құндылығын зерттеу төңірегінде жасалған тұжырымдар зияткерлік меншік құқығы саласындағы бірқатар заң нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныстар тұжырымдау.

Тірек сөздер: зияткерлік меншік құқығы, дараландыру құралдары, фирмалық атаулар, тауар белгілері, контрафактілік тауарлар, қарақшылық өнімдер, патент.

Кіріспе

Бүкіл посткеңестік кеңістіктегі сияқты Қазақстанда да ұлттық зияткерлік меншік жүйесі тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптаса бастады. Осылайша 1992 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігінің Қазақстандық бөлімшесінің негізінде Авторлық құқық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттік (ГААСП) құрылды. 1996 ж. ГААСП әзірлеген «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заң қабылданды, ТМД елдері сарапшыларының пікірінше, авторлық құқық объектілерін пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды реттеу саласындағы үлгі ретінде қарастыруға болады. 1996 ж. 10 маусымда ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң қабылданғаннан кейін 1997 ж. Қазақстандық авторлар қауымдастығы құрылды.

Аталған ұйым еліміздегі авторлардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. [1, 125 б.] Елімізде зияткерлік меншік болашақта халқымыздың әл-ауқатының деңгейін анықтайтын құнды және жаңартылатын ресурс ретінде өзінің шынайы мәніне біртіндеп ие болуда.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылды. Нақтырақ айтсақ, азаматтық құқық ғылымында жеке құқықтық әдіс ретінде құқықтанудың салыстырмалы анализ жасау, кешенді талдау, статистикалық саралап бағалау (оның ішінде құжаттарды зерттеу, контент талдау) жатады.

Әдебиетке шолу

Зияткерлік меншік құқығы объектілерін құқықтық қорғау өзектілігін жоғалтқан емес. Аталған тақырыппен байланысты ғылыми зерттеулерді отандық ғалымдардың М.К. Сулейменов, С.П. Мороз, Т.Е. Каудыров, А.А. Амангельды еңбектерінен және шетелдік Е.Г. Афанасьева, Г.В. Усов, М.Б. Ковалев, М.Г. Долгих, Sousa e Silva N. сияқты ғалымдардың еңбектерінен көрініс табады.

Нәтижелер мен талқылау

Зияткерлік меншік құқығы құқықтық қорғалуды қажет ететін ауқымы кең құқық саласы. Зияткерлік меншік объектілерінің бір бірінен елеулі ерекшеліктерінің болуына қарамастан, олардың барлығы «зияткерлік меншік» ұғымын құрайды. Бұлардың ішінде мынаны атап өткен жөн: 1) олардың барлығы ақыл-ой қызметінің нәтижесі немесе көрінісі; 2) олар құнды, сондықтан коммерцияландыру процесіне қатысуға және тауар айналымына қосуға болады; 3) белгілі бір ақпаратты тасымалдаушылар болып табылады; 4) субъектіні, өнімді дараландырады; 5) азаматтық құқықтың тұтынылатын объектілеріне жатпайды; 6) бір мезгілде адамдардың шектеусіз саны пайдалана алады; 7) осы объектілерге құқықтардың қолданылу мерзімі белгілі бір мерзіммен шектеледі, өйткені нарықтық қатынастардың зияткерлік өнімдерін жасау, беру және пайдалану зияткерлік қызмет экономикасын дамытудың стратегиясы мен шарты болып табылады [2, 98 б.].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 961-бабына сәйкес зияткерлік меншік құқығының объектілері интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары болып бөлінеді [3]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін нарықтық қатынастарға қадам басқаннан кейін экономикалық қызмет субъектілерінің даралау құралдары жарнаманың және жосықсыз бәсекеден қорғаудың негізгі тәсілі, ажырамас атрибуты. Сондай-ақ дараландыру құралдары экономикалық қызмет субъектілерінің өзіндік ерекшелігін, бірегейлігін көрсетеді. Яғни ұқсас өнімдер немесе ұқсас қызмет ұсынатын бәсекелестік жағдайында өнімді, жұмысты немесе қызметті белгілі бір тауар белгісімен немесе қызмет көрсету белгісімен белгілеу және қандай да бір атаумен атаудың маңызы өте зор [4, 85 б.].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 961-бабының үшінші тармағына сәйкес дараландыру құралдарына фирмалық атаулар, тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері), тауарлар шығарылған жердің атаулары жатады. Бүгінгі таңда елімізде терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жүріп жатқан кезде экономикалық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарын құқықтық реттеу мәселелеріне заңгер ғалымдардың назары артып отыр. Тауар белгілері, фирмалық атаулар және тауардың шығарылған жерінің атаулары нарықтық экономикада маңызды рөл атқарады. Осылайша, заңды табиғаты бойынша кәсіпкерлік қызметке қатысушыларды дараландырудың тікелей құралы болып табылатын фирмалық атау кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның және оның істерінің экономикалық негізін бейнелейді.

Тауар белгілері өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланыстырушы рөл атқарады. Тауар белгілерінің арқасында өндіруші тұтынушылардың назарын өз өнімдеріне аудару мүмкіндігіне ие болады, бұл сәйкесінше экономикадағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта әрбір компания өз тауарын ерекшелеу үшін оған тауар белгісін қояды, яғни ол ең алдымен өндірушіні анықтауға арналған белгі.

Тауар шығарылған жердің атауы дараландыру құралдарының үшінші түрі болып табылады және белгілі бір тауарға тән табиғи жағдайлармен айқындалатын тауарларды белгілеу үшін пайдаланылатын елдің немесе елді мекеннің географиялық нысанның атауы болып табылады. Өкінішке орай, ұзақ уақыт бойы бұл интеллектуалдық меншік объектісіне назар аударылмады. Бұл, нәтижесінде тауар шығарылған жердің атауларын пайдалануда көптеген олқылықтардың болуына, тұтынушылардың жаппай шатасуына әкелді. Соның салдарынан соңғы кездері соттар тауар шығарылған жерлердің атауларын заңсыз пайдалану туралы талап-арыздармен қаптап кетті.

Ұлыбританияда интеллектуалдық меншік объектілерін қорғаудың қауіпсіздік стандарттары бекітілген формулада «көшіруге тұрарлық нәрсе қорғауға тұрарлық» деп түсініледі. Ағылшын құқығы тіпті адамның араласуынсыз компьютер жасаған жұмыстардың қорғалуын мойындайды [5, 1342 б.].

Қазіргі уақытта авторлық құқықты қамтамасыз ету бойынша негізгі функциялар 2001 ж. құрылған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне жүктелген. Бұл органның негізгі міндеттерінің бірі авторлардың құқықтарын сақтауға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу, заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, пайдаланушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін пайдаланушы тұлғаларды бақылау болды [6, 176 б.]. Сонымен бірге патент беру жүйесі де реформаланды. Бүгінгі таңда Қазақстан патенттік ведомствосының сараптамалық ұйымының рөлін Ұлттық зияткерлік меншік институты (ҰЗМИ) атқарады. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді, оның ішінде өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді зерттейді. NIS сараптамасының нәтижелері бойынша зияткерлік меншік құқығы комитеті қорғау құжаттарын патенттер мен куәліктер береді. Осылайша, елімізде зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе құрылды. Дегенмен, менің ойымша, оның тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік органдар мен барлық мүдделі ұйымдардың өзара іс-қимылын күшейту қажет.

Ғылым, әдебиет және өнер туындыларын коммерциялық негізде пайдаланатын тұлғалардың құқықтық санасының деңгейін көтеру әлі де негізгі міндеттердің бірі болып қала береді. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудың өзекті мәселелерін шешу жолындағы кедергілерді анықтау да маңызды мақсат болып табылады. Зияткерлік меншік құқықтарының негізгі жақтаушылары АҚШ, ЕО және Жапония болып табылады, олардың үлесіне бүгінде әлемде берілген барлық өнертабыс патенттерінің 2/3 бөлігі тиесілі [7, 93 б.]. Осылайша АҚШ-та 1 миллион азаматқа жыл сайын шамамен 500 патент беріледі, ал Жапонияда бұл көрсеткіш екі есе жоғары. Қазақстанға келетін болсақ, тіркелген патенттер саны бойынша (1 миллион тұрғынға шаққанда 100-ге жуық) біз Ресей және Украинамен бірге ТМД елдері арасында көшбасшы үштіктің біріміз.

Орталық Азияның басқа республикаларында өнертабыстарға патенттер айтарлықтай азырақ беріледі. Осыған байланысты, сарапшылар атап өткендей, Қазақстан ғылыми жетістіктер мен іргелі жаңа технологияларды жасау бойынша өңірлік көшбасшы бола алады. Олар біздің еліміздің ДСҰ-ға кіру перспективасын озық технологияларды табысты енгізудің қосымша мүмкіндігімен байланыстырады және сонымен бірге өздерінің білімді қажет ететін және жоғары технологиялық өнімдерін сыртқы нарықта ілгерілетуде.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез келген мемлекеттің міндеті зияткерлік меншік құқығын бұзумен күресудің тиімді құқық қорғау жүйелерін әзірлеу және енгізу болып табылады. Бұл зияткерлік меншік құқығы иелеріне құқықтарының бұзылуын тоқтатуға және келтірілген шығындарды өтеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әкімшілік және сот органдары ерекше құқық иелерінің заңды талаптарын қолдауға кез келген сәтте дайын болуы керек.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында зияткерлік меншік құқығын қорғау біздің елімізде ғана емес, дамыған шетелдерде де өте өзекті мәселелердің бірі. Қазақстанда зияткерлік меншік құқығын қорғау ҚР-ның Азаматтық Кодексімен, «Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы» заңымен, «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жердің атаулары туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Интегралды микросхемалардың топологиясын құқықтық қорғау туралы», сондай-ақ «Патент туралы» заңмен реттеледі. Сонымен бірге өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаумен байланысты бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Ең маңызды кезең зияткерлік меншік құқығымен байланысты құқықбұзушылықтар және қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекстің және Қылмыстық Кодекстің қабылданған кезеңі болды. Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық кодекстердің нормалары зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықпен тиімді күресуге мүмкіндік бермеді. Мысалы, қарақшылық бейнетаспаларды сатқаны үшін құқық бұзушы үш АЕК айыппұл төлеген. Мұндай жаза қарақшылықпен күресте тежеу бола алмасы анық. Сондықтан зияткерлік меншік құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтетін аталған заңнамаларға бірқатар түзетулер енгізілді. Жаңа заң айыппұлдың ең жоғары сомасын 500 АЕК-ке дейін арттыруды қарастырады. Сонымен қатар, заң авторлық құқық иелерінің келтірілген моральдық зиянды өтеу үшін сотқа жүгіну құқығын өзіне қалдырады. Сондай-ақ, енді қылмыстық істер тұтынушыларды алдау үшін емес, авторлық құқықты бұзғаны үшін қозғалатыны да маңызды. Еліміздің құқық қорғау органдары жыл сайын өткізетін жыл сайынғы «Барлау» жедел-профилактикалық іс-шарасы да Қазақстан аумағындағы қарақшылық деңгейін төмендетуге және отандық және шетелдік авторлық құқық иелерінің интеллектуалдық құқықтарын қорғауды тиімдірек қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл Қазақстанның 1999 жылдан бері «301-деген қара тізімнен» шығарылуымен танылды. АҚШ-тың Сауда өкілінің баяндамасында жыл сайын жарияланатын бұл тізімге интеллектуалдық меншік құқығын қорғауға жеткіліксіз көңіл бөлінетін мемлекеттер кіреді. 2006 ж. 301 деген қара тізімінде зияткерлік меншік құқықтарын бұзу деңгейі бойынша ең жоғары орынды Қытай мемлекеті алды. Сондай-ақ, құжатқа сәйкес, зияткерлік меншік құқықтарының ең өрескел бұзылуы қарақшылық пен контрафактілік тауарларды өндіру жөнінен Ресейде алдыңғы орын алады [8, 1319 б.].

Ұлттық заңнаманы Дүниежүзілік Сауда Ұйымының стандарттарына толық сәйкес келтіру үшін 2005 ж. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына туындылардың кері күшін қорғауды енгізу бөлігінде түзетулер енгізілді, атап айтқанда авторлық құқықты қорғау мерзімі 2005 жылдан бастап 50-ден 70 жылға дейін ұзартылды. Сонымен қатар, республикада авторлар үшін тиісті жағдай жасауға арналған «Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру мен дамытудың 2020 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданды.

Зияткерлік меншікті заңсыз пайдаланудан бағдарламалық өнімдерді шығаратын әлемге әйгілі компаниялар, музыка және кино өнеркәсібі ұйымдары ең көп зардап шегеді [9, 79–80 б.]. Сәнді заттар, спорт тауарлары, парфюмерия, ойыншықтар, автокөлік бөлшектері және фармацевтика өнімдері жиі көшіріледі [10, 60 б.]. Ғаламторда авторлардың, орындаушылардың және фонограмма жасаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық, орындаушылық және фонограммалар туралы шарттарына қосылды. Ол сондай-ақ IFPI (Халықаралық фонограмма өнеркәсібі қауымдастығы), BSA (Software Industry Alliance) және т.б. сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді әрекеттеседі.

ҚР-ның Азаматтық Кодексінде, Авторлық құқық және сабақтас құқығы және зияткерлік меншік құқығын реттейтін басқа да заң актілерінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау механизмі анық айтылған. Зияткерлік меншік құқығының бұзылуына жол бермес үшін осы саладағы заңнамаларды жетілдіріп, тағайындалатын жауапкершілікті күшейту керек, сондай-ақ халықтың құқықтық сана сезімін, құқықтық мәдениетін көтеру керек деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Амангельды А.А. Проблемы права интеллектуальной собственности Республики Казахстан на современном этапе. Монография. – Алматы: Интерлигал, 2015. – 404 с.
- 2 Гальперин Л.Б., Михайлова Л.А. Интеллектуальная собственность: сущность и правовая природа // Право промышленной и интеллектуальной собственности / Сборник научных трудов. – Новосибирск: «Наука», 1992.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 4 Новоселова Л.А. Право интеллектуальной собственности. Т. 1. Общие положения. Учебник. – М.: Статут, 2017. URL: https://www.consultant.ru/edu/student/download_books/book/pravo_intellektualnoj_sobstvennosti_t_1_obshchie_polozeniya
- 5 Sousa e Silva N. Uma Introdução ao direito de autor Europeu // Revista da Ordem dos advogados. Lisboa, 2013. A. 73. Vol. 4. No. 3. P. 1331–1387. URL: <http://www.oa.pt/upl/%7Bdca5e510-7e6b-403c-9e2cfd091a1cb5dc%7D.pdf>
- 6 Баймолдина З.Х., Каудыров Т.Е. Право интеллектуальной собственности Республики Казахстан. Учебное пособие. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2013. – 264 с.
- 7 Мороз С.П. Предпринимательское (хозяйственное) право. Учебник. – Алматы: Издательство «Бастау», 2010.
- 8 Кудинов М.А. Теоретические аспекты структуры и содержания понятия «интеллектуальные права» // Новый юридический вестник. – 2022. – № 3(36). – С. 13–19. URL: <https://moluch.ru/th/9/archive/224/7399/> (дата обращения: 10.10.2023)
- 9 Моргунова Е.А. Право интеллектуальной собственности: актуальные проблемы. Монография. – Москва: Инфра-М., 2017. URL: <https://znanium.com/read?id=92245>
- 10 Воротынцева Т.М., Сумин А.П. Совершенствование механизмов регулирования внешней торговли в сфере интеллектуальной собственности: монография. – Санкт-Петербург, 2019.

REFERENCES

- 1 Amangel'dy A.A. (2015) Problemy prava intellektual'noj sobstvennosti Respubliki Kazahstan na sovremennom jetape. Monografiya. Almaty: Interligal, 404 p. (In Russian).
- 2 Gal'perin L.B., Mihajlova L.A. (1992) Intellektual'naja sobstvennost': sushhnost' i pravovaja priroda // Pravo promyshlennoj i intellektual'noj sobstvennosti / Sbornik nauchnyh trudov. Novosibirsk: «Nauka». (In Russian).
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq Kodeksı 1994 jyl 27 jeltoqsan № 268-HIII. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_. (In Kazakh).
- 4 Novoselova L.A. (2017) Pravo intellektual'noj sobstvennosti. T. 1. Obshhie polozheniya. Uchebnik. M.: Statut. URL: https://www.consultant.ru/edu/student/download_books/book/pravo_intellektualnoj_sobstvennosti_t_1_obshchie_polozeniya. (In Russian).
- 5 Sousa e Silva N. (2013) Uma Introdução ao direito de autor Europeu // Revista da Ordem dos advogados. Lisboa. A. 73. Vol. 4. No. 3. P. 1331–1387. URL: <http://www.oa.pt/upl/%7Bdca5e510-7e6b-403c-9e2cfd091a1cb5dc%7D.pdf>. (In English).
- 6 Bajmoldina Z.H., Kaudyrov T.E. (2013) Pravo intellektual'noj sobstvennosti Respubliki Kazahstan. Uchebnoe posobie. Astana: GU «Institut zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan», 264 p. (In Russian).
- 7 Moroz S.P. Predprinimatel'skoe (hozjajstvennoe) pravo. Uchebnik. Almaty: Izdatel'stvo «Bastau», 2010. (In Russian).
- 8 Kudinov M.A. (2022) Teoreticheskie aspekty struktury i sodержaniya ponjatija «intellektual'nye prava» // Novyj juridicheskij vestnik. No. 3(36). P. 13–19. URL: <https://moluch.ru/th/9/archive/224/7399/> (data obrashheniya: 10.10.2023). (In Russian).
- 9 Morgunova E.A. (2017) Pravo intellektual'noj sobstvennosti: aktual'nye problemy. Monografiya. – Moskva: Infra-M. URL: <https://znanium.com/read?id=92245>. (In Russian).
- 10 Vorotynceva T.M., Sumin A.P. (2019) Sovershenstvovanie mehanizmov regulirovaniya vneshnej trgovli v sfere intellektual'noj sobstvennosti: monografiya. Sankt-Peterburg. (In Russian).

КАЛМЫРЗА Г.М.,*¹

М.Ю.Н., докторант.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

АЛАЕВА Г.Т.,¹

К.Ю.Н., профессор.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ПРАВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ

Аннотация

Разработка и внедрение эффективных систем правовой защиты для борьбы с нарушением прав интеллектуальной собственности является актуальной проблемой современности. Это позволяет владельцам прав интеллектуальной собственности прекратить ущемление их прав и компенсировать понесенные убытки. Основная цель данной статьи – объяснить необходимость и значение средств индивидуализации участников экономической деятельности для эффективного экономического оборота. Поэтому в современный период, когда наше государство стало активным участником мирового рынка, быстро развиваются межгосударственные торговые отношения, а регулирующие их правовые нормы приводятся в одну систему, возникает объективная необходимость всестороннего изучения средств индивидуализации хозяйствующих субъектов. При исследовании темы использовались общенаучные и индивидуально-научные методы. Сделаны выводы в результате изучения практической ценности статьи, формулировки предложений по изменению и дополнению ряда правовых норм в сфере права интеллектуальной собственности.

Ключевые слова: права интеллектуальной собственности, средства индивидуализации, торговые марки, товарные знаки, контрафактная продукция, пиратская продукция, патент.

KALMYRZA G.M.,*¹

M.I.S., PhD student.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

ALAEVA G.T.,¹

C.I.S., professor.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

Turan University,

Almaty, Kazakhstan

ISSUES OF LEGAL PROTECTION OF INTELLECTUAL PROPERTY RIGHTS

Abstract

The development and implementation of effective legal protection systems to combat violation of intellectual property rights is an urgent problem of our time. This allows owners of intellectual property rights to stop the infringement of their rights and compensate for the losses incurred. The main goal of this article is to explain the need and importance of means of individualization of participants in economic activity for effective economic turnover. Therefore, in the modern period, when our state has become an active participant in the world market, interstate trade relations are rapidly developing, and the legal norms governing them are being brought into one system, there is an objective need for a comprehensive study of the means of individualization of business entities. When researching the topic, general scientific and individual scientific methods were used. Conclusions are drawn as a result of studying the practical value of the article, the formulation of proposals for amending and supplementing a number of legal norms in the field of intellectual property law.

Key words: intellectual property rights, means of individualization, trademarks, trademarks, counterfeit products, pirated products, patent.